



**EXPO 2017**  
• Future Energy •  
Astana Kazakhstan



KazNU Science · КазУУ Фылымы · Наука КазНУ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH  
NATIONAL UNIVERSITY

# ХАБАРШЫ

ГЕОГРАФИЯ СЕРИЯСЫ

# ВЕСТНИК

СЕРИЯ ГЕОГРАФИЧЕСКАЯ

# JOURNAL

OF GEOGRAPHY AND ENVIRONMENTAL MANAGEMENT

3(46) 2017

ТАМР 34.35.

\*Мұқанова Г.А., Майлыханова Б.А.,  
Воронова Н.В., Таныбаева А.К., Үмбетбеков А.Т.

Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ, \*e-mail: GulzhanatMukanova@gmail.com

## АҚДАЛА АЛҚАБЫНЫң ТОПЫРАҒЫНЫң ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Мақала еліміздегі суармалы күріш алқаптарын суға бастырудың оның үдерісіне әсерін зерттеуге бағытталған. Топырақты суға бастырысымен онда орын алатын негативті процестердің құбылымы яғни оттегінің мөлшерінің жетіспеушілік деңгейі, күкірттісуетегінің күріш дақылына зиянды әсері сипатталған.

Ақдала алқабының тақыр тәрізді топырағының қазірғі заманғы экологиялық жағдайы – сипатталып, топырақтың деградациясы, батпақтану туралы нәтижелер келтірілген. Соңғы жылдардағы аумалы төкпелі экономикалық жағдайың және ауылшаруашылығындағы пестицидтер мен тыңайтқыштарды қолданудың салдары көрсетілген.

Соңғы он жылда суармалы алқаптардағы экологиялық және топырак – мелиоративтік жағдайың нашарлауынан, ауыспалы егіншілік топырағының құнарлылығы бірден төмендеп кетті. Қазақстанның кейбір аймақтарында инженерлі дайындалған жерлер түздану себебінен ауылшаруашылығы қолданысынан шығып қалған. Сонымен қатар, жогарыдағы факторлардың нәтижесінен, гумустың төмендеуі, қоректік элементтер мөлшерінің азаюы, топырақтың физикалық, химиялық, биологиялық қасиеттерінің нашарлауынан күріш өнімін төмен беретін, сапасы төмен өнім алатын атыздар пайда болған.

Әдеби мәліметтерге сүйенсек республиканың күріш алқаптарында экологиялық жағымсыз жағдайлар туындауда. Бұндай экологиялық жағдай республиканың әлеуметтік экономикалық даму потенциалын томендедеді, әсіресе ауылшаруашылығындағы экономикалық қор негізіне әсер етеді. Осылан орай тұрақты тұрде суға бастырылатын топырақтың құнарлылығын қайта қалпына келтіру жұмыстары ғылыми теориялық, өзекті болып табылады.

**Түйін сөздер:** гумус, ауыспалы егіншілік, деградация, батпақтану, күкірттісуетек, күріш шаруашылығы, экологиялық жағдайы.

\*Мұқанова Г.А., Майлыханова Б.А., Воронова Н.В., Таныбаева А.К., Үмбетбеков А.Т.

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы,  
\*e-mail: GulzhanatMukanova@gmail.com

### Современное экологическое состояние почв Ақдалинского массива

В статье рассматривается влияние предпосевного затопления орошаемого рисового массива на сезонную динамику почвенных процессов. А также дается характеристика негативных процессов и их последствий, которые возникают после затопления почв рисового массива, например: дефицит кислорода, вредное влияние сероводорода на рисовые культуры.

В работе описано современное экологическое состояние такыровидных почв Ақдалинского массива, деградация и заболачивание почв. Эти процессы являются последствиями депрессивных экономических условий и использования пестицидов и удобрений в сельском хозяйстве. В последние десятилетия в связи с ухудшением мелиоративного состояния почв в орошаемых массивах значительно снизилось плодородие, продолжается дегумификация и экологическое состояние почв. В некоторых регионах Казахстана многие земли непригодны к использованию из – за засоленности почв.

Вышесказанные экологические проблемы влияют на снижение гумуса, питательных элементов, на физико-химические и биологические свойства почв, что в свою очередь влияет на

продуктивность и качества риса. В данной статье описываются экологические проблемы почв Казахстана связанные с затоплением массива. Изучение влияния предпосевного затопления орошаемого рисового массива на сезонную динамику почвенных процессов очень актуально для нашей страны.

Анализ литературных источников показывает, что в рисовых массивах республики сложилась экологически неблагополучная ситуация. Данный факт снижает потенциал социально-экономического развития республики, в особенности, ресурсную базу экономики сельского хозяйства. В связи с этим особую актуальность приобретает создание научно-теоретических основ целостной концепции воспроизводства плодородия периодически затапливаемых почв.

**Ключевые слова:** гумус, севооборот, деградация, заболачивание, сероводород, выращивание риса, экологическая ситуация.

\*Mukanova G.A., Maylykhanova B.A., Voronova N.V., Tanybaeva A.K., Umbetbekov A.T.

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

'e-mail: GulzhanatMukanova@gmail.com

### Modern environmental state of soils of akdala massive

The article discusses the influence of presowing flooding of irrigated rice array on the seasonal dynamics of soil processes. As well as the characteristic of negative processes and their consequences that arise after the flooding of rice soils of the array, for example: lack of oxygen, harmful effects of hydrogen sulfide in the rice culture.

The paper describes the current ecological state takyr soils Akdalaarray degradation and waterlogging of soils. These processes are consequences of depressed economic conditions and the use of pesticides and fertilizers in agriculture. In the last desyatletiya in connection with the deterioration of reclamation condition of irrigated soils in the arrays significantly decreased the fertility continues dehumification and ecological condition of soils. In some regions of Kazakhstan, much of the land unusable due to salinity.

Of the above environmental issues affect the reduction of humus, nutrients, physico-chemical and biological properties of soil, which in turn affects productivity and quality of rice. This article describes the environmental problems of Kazakhstan soils associated with zatuplenie array. The study of the influence of presowing flooding of irrigated rice array on the seasonal dynamics of soil processes is very important for our country.

The analysis of literary sources shows that in the rice areas of the Republic has developed an environmentally unfavorable situation. This reduces the potential for socio-economic development of the Republic, particularly, the resource base of the rural economy. In this regard, of particular urgency is the creation of a scientific and theoretical foundations of the holistic concept of fertility reproduction of periodically flooded soils.

**Key words:** humus, crop rotation, degradation, water logging, hydrogen sulphide, rice cultivation, ecological situation.

Соңғы жылдарда суармалы алқаптардағы экологиялық және топырактардың – мелиоративтік жағдайларының нашарлауынан, суармалы топырақтардың құнарлылығы бірден төмендеп кетті. Қызылорда облысының өзінде ғана инженерлі дайындалған жерлердің тұздануларының себебінен ауылшаруашылығы аймақтары қолданыстан шығып қалған. Қүріш шаруашылығында топыракты тұракты суға бастыру, және оның кебіүі, мелиоративті іс шараларының дұрыс іске аспауынан, экологиялық жағдайының нашарлауы топырак құнарлылығының төмендеуіне әкелді. Сондықтан ауыспалы егіншілік жүйесінің режимін тиімді пайдалану керек.

Қүрішті – батпакты топырактарда деградация процесінің нәтижесінде топырак тұзданып соның салдарынан дегумификация процесі орын

алған. Қүріштен жоғары тұракты өнім топырактың қоректік элементтермен камтамас етілуіне және оның құрамындағы гумус рінде байланысты.

Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша ліктे, ауылшаруашылығында әсіресе топырактарда гумустың жоғалуы орында. Мысалға соңғы 50 жылда әлемнің жамылғысында, ортағасырмен салыстырылған гумус мөлшері 25 пайызға азайған (Отаров 2007: 80).

Ақдала алқабының сұр, такыр орташа тұзданған женіл механикалық топырағы ұзак уақыт суға бастыру де аз гумусты болуымен ерекшеленеді. Барлық топырақ кескінінде жыртылған қабаттаған гумус мөлшері 0,87 – 1,49% аралығында болады (кесте-1).

-кесте – Тәжірибе алаңындағы топырактың негізгі химиялық – физикалық құрамдары мен химиялық қасиеттері

№	Терендігі, см	Гумус, %	рН	CO <sub>2</sub> , %	Сінірімдік сыйымдылығы, мг-экв /100 г				
					Ca	Mg	K	Na	Жалпы саны
Казба №1	0-20	1,49	8,08	4,92	12,5	4,5	0,20	0,10	17,3
	20-50	0,40	8,70	6,97	6,0	2,5	0,10	0,15	8,75
	50-60	0,34	8,80	5,57	4,5	2,0	0,04	0,11	6,65
	60-101	0,20	8,92	5,21	-	-	-	-	-
Күнбала №2	0-20	0,87	8,56	5,21	4,5	7,0	0,16	0,31	0,47
	30-47	0,74	8,60	5,27	3,0	3,5	0,09	0,31	0,40
	47-55	0,37	8,90	4,86	2,5	2,5	0,06	0,29	0,35
	55-85	0,20	9,30	3,74	1,5	2,0	0,04	0,27	0,31
	85-110	0,13	9,00	3,57	1,0	2,5	0,06	0,30	0,36
Казба №3	0-20	0,89	8,20	5,18	7,43	5,94	0,09	0,15	0,24
	20-45	0,31	8,97	5,39	2,97	2,48	0,07	0,23	0,30
	45-70	0,10	9,31	5,32	1,98	1,49	0,07	0,21	0,28
	70-100	0,07	9,25	5,18	2,48	0,50	0,05	0,19	0,24

Топырактың жыртылған беткі қабатының істіндегі жаткан болігінде гумустың деңгейі 0,31 - 0,40% көрсетсе, ал терендеген сайын оның мөлшері 0,37-0,07 пайызға дейін кеміп, органикалық заттар мөлшері төмендей түседі.

Топырак кескіндерінің қабаттары бойынша гумустың мөлшері әртүрлі болады. Бұл құбылыс атыздарды егін егу үшін жыртуға пайдаланғандығымен түсіндіріледі. Тың жерлерді жырту және көптеген жылдар бойы құріш дақылы үшін пайдалану, оның гумустық жағдайын төмендетеді. Осыған орай тақыр тәрізді топырактарда – топырак кескініндегі гумустың мөлшері өзгермелі болуымен сипатталады.

Гумус мөлшерінің аз болуына байланысты топырактың сініру сыйымдылығы да төмен болып келетіндігі анықталды. Оның топырактағы жоғарғы орналасқан тектикалық қабатындағы мөлшері 0,24-17,3 мг/экв тең, ал жыртылған қабаттың астындағы мөлшері 0,30-8,75 мг/экв көрсетеді. Сінірілу сыйымдылығының құрамында кальций басым болып келеді де, оның барлық казбадағы 0-20 см терендіктегі мөлшері 7,43-12,5 мг/экв-ке тең. Сінірілу сыйымдылығының құрамындағы кальцидің ең төменгі мөлшері 45-70 см терендіктегі 1,98-2,5 мг/экв болды.

Ауыспалы натрийдің ең жоғарғы мөлшері екінші топырак қазбасының жыртылған

қабаттарында 0,27-0,31 мг/экв тең. Ауыспалы магний үш казбаның да ең жоғарғы жыртылатын қабаттарында 4,5-7,0 мг/экв мөлшерінде кездеседі. Топырак қабатының 20-50 см терендігінде 2,48-3,15 мг/экв тең болса, казба терендеген сайын оның мөлшері біртіндеп азайып, 0,50-2,5 мг/экв мәнге жетеді. Топырак кескінінің 0-30 см терендігінде ауыспалы калий 0,09-0,20 мг/экв мөлшерде кездесіп, оның мөлшері топырактың әр түрлі терендіктерінде 0,04-0,05 мг/экв мәнді болып келеді.

Зерттелген топырактар карбонатты қасиеттерге ие болып, олардың мөлшері CO<sub>2</sub> бойынша барлық топырак кескініндегі жыртылған қабаттарында 4,92-5,18 пайыз аралығында кездесіп, 20-50 см терендіктегі 5,21-6,97 пайызға жетеді. Осыған байланысты сілтілік мөлшері де біршама жоғарылаған, градация бойынша қазба топырағы күшті сілтілі, рН барлық топырак кескінінің қабаттарында 8,08-9,31 аралығындағы мәндерге ие (кесте-1).

Әдетте, топырактың көптеген қасиеттері оның құрамындағы гумустың мөлшерімен тығыз байланыста болады. Топырактың гумусының жоғарлауы оның агрехимиялық, агрофизикалық, микробиологиялық қасиеттің жаксартады. Бірақ, соңғы кезде, құріш алкаптарында гумустың мөлшері жылдан жылға төмендеуде.

*Тотықсызданған элементтер жиынтығының маусымдық құбылымы* күріш атыздарының ұзак уақыт суга бастырылуы және одан соң кебуі, ондағы калыптаскан топырак түзілу процестері жүйесінің босаңсып, күрт өзгеруімен байланыста болады. Күріш дақылын өсіру үшін жаз бойы атыздарда бекірліп жататын су қабатының топырақ құрамындағы ауаны ығыстырып шығаруы және де жер асты сұы денгейінің жоғарылауы күріш танабы топырактарының уақытша батпактануына әкеліп соғады, яғни топыракта батпактану процесі орын алады.


Жоғарыда айтып откеніміздей, жыл сайынғы топыракты ұзак уақыт суга бастыру оның физикалық, химиялық, биологиялық және тағы басқа қасиеттерінің өзгеруіп отыруына әкеleліп соғады. Осы өзгеріп отыратын қасиеттердің ішіндегі ең бір негізгі орын алатыны – топырактың тотығу – тотықсыздану режимінің өзгеруі топырақ құрамындағы оттегінің мөлшеріне әсер етеді.

Оттегінің жетіспеуінің алғашкы шарықтаған кезеңі Ақдала күріш алқабындағы қара шірігі аз болетін топырактарында атызды суга

бастырганнан соң екі аптадан кейін байкалатынын көреміз (1-сурет). Ал оттегі жетіспеушіліктің ең азайған кезі күріш көшетін тәжірибелі атызға отырғызу кезеңіне дөп келіп отыр, яғни тотығу-тотықсыздану процесінің карқының бәсекесіп көшеттердің жаксы тамырланып түптеудіне қолайлы жағдай туып отыр.

Ақдала алқабының алғашқыда тақыр тәрілді болған топырағында органикалық заттың болуына байланысты тотықсыздану процесін екіні, күріш өсімдігінің барлық вегетациялық кезеңінде, біртіндеп дамып отырганын көреміз (Мұқанова Г.А.).

Топырақ құрамында оттегі азайған сайындағы тотықсызданған элементтердің мөлшері жоғарылай түседі де, күріш топырактарының негізгі қасиеттерін құрайтын химиялық элементтердің жылжымалылық дәрежесі, гумус түзілу процесі, коректік элементтер режимінде кышқылды-сілтілік жағдай айтартықтай жағдайлерге ұшырайды. Күріш егілген алқаптың сумен бастырганнан кейін, топырақ минералдарының тіршілігінің белсенділігі артады (1-сурет).



1-сурет – Тотықсызданған элементтер жиынтығының маусымдық құбылымы

Тотықсызданған элементтер жиынтығы мөлшерінің күріштің өсу барысындағы өзгеру зандалиғының нәтижелері бойынша, оттегінің жетіспеушілігінен тұқымның далалық өнгіштігі күрт төмендейді.

Оттегінің ең көп жетіспеушілік кезеңі көшетті отырғызғаннан кейінгі уақытка сай келіп отыр. Бұл кезде күріш дақылына тән оның төмен қарай ауа өткізетін тамырлары дамып үлгереді

де тотықсызданған элементтер күріштің өсіп тілудің айтартықтай зиян келтіре алмайды. Оттегі жетіспеушілік күріш өсімдігінің пісіп жетіспеушілік кезеңінің соңына қарай өзінің шарықтау шегінде жетеді де атызға су жіберу тоқтатылған кезеңде бастап күрт төмендеп көктемдегі атызды суга бастырап алдындағы мөлшерден ғана жетеді.

*Тотықсызданған күкіртті сутегінің маусымдық өзгерісі.* Күріш егістіктеріндегі топырақ

түзілу процесстеріне мөлшері топырақтағы органикалық заттар денгейіне байланысты болып көтін күкіртті сутегі де маңызды роль аткарады. Оптырак суға бастырылысымен онда күкіртті суегінің түзілу процесі орын ала бастайды, көпшілік жағдайда оның жоғарғы денгейі күріш дақының түптену және масактану кезеңіне сәйкес еледі.

Топырақта тотығу тотықсыздану потенциалы өміндеген сайын тотықкан ортада ерімейтін қисидтер  $\text{Fe}^{3+}$ ,  $\text{Mn}^{4+}$  және  $\text{SO}_4^{2-}$  тотықсыздандып оптырак ерітіндісінде  $\text{Fe}^{2+}$ ,  $\text{Mn}^{2+}$  және  $\text{H}_2\text{S}$  түнне ауысады. Егер осы тотықсызданған элементтердің концентрациясы көбейіп кетсе топырак құрамында күріштің есіп өнуіне қолайсыз сағдай пайда болады (Ибраева 2002: 178, Аханов 1998:141). Топырақта күкіртті сутегінің көп мөлшерде кездесуі және оттегінің жетіспеушілігі күштің тұқымының далалық өнімділігін төмендеп тиңдеуден әкілдің жалпы өнімділігіне де кері әсерін тиңзеді.

Тотығу тотықсыздану потенциалының қарыны өте күштеген жағдайда топырақта күріш өсімдігіне улы әсерін тигізетін тотықкан темір мен күкіртсүтектің түзілуіне әкеледі (Мамутов 2004:171). Әрине бұл екі элементтің өсімдікке деген улылық әсері олардың топырак құрамындағы мөлшерлеріне байланысты.

Сульфидтің дактарды күріш егістігіндегі әрлік топырактардан байқауға болады. Әсіреле олардың көп мөлшері органикалық заттардың жиналған жерлерде және жонышқа қырыстырылғанда кездеседі (Отаров 2006 а: 168). Күкірттің сутектің көп мөлшері күрішті жонышқа қырыстына еккен жағдайда кездеседі, ал жонышқа қырыстына екінші жыл егілген күріш егістігі топырактарында оның мөлшері азайы бастайды, әрине оның мөлшері топырак құрамындағы органикалық заттар мөлшеріне байланысты болып еледі (Мұқанова 2008: 16).

Күмдауыт топырактарда кездесетін тотықсызданған темірдің мөлшерінің аздығына байланысты бос түрінде кездесетін күкіртсүтектің өсімдіктерге коректенуіне кедегі жасап өсімдіктерге зақым келтіреді.  $\text{H}_2\text{S}$  клетка метаболизмінде ерекше қызмет аткаратын құрамында темірі бар инзимдер – пероксидаза, каталаза және цитохромоксидазалардың белсенділігін айтарлықтай бәсендеді. Сондай ақ күкіртсүтектің мырыш және қызыстың өсімдікке тиімділік және топырақтағы қылжымалылық мөлшерін төмендедеді. Қолданылуы суару кезінде күкіртсүтектің ерітіндісінің концентрациясы 1 – 3 аптада ұлғайып ен көп денге жетеді де, одан соң біртіндеп төмендей-

бастайды (Мұқанова 2007:32, Мамутов 1977:55).


Күкіртсүтегінің де күріш топырағының құнарлылығына тигізетін ықпалы айтарлықтай деуге болады. Ол әсіреле органикалық заттармен бай топырактарда, жонышқа қыртысында көптеп кездеседі. Күріштің дәстүрлі технологиямен еккен жағдайда оның топырак құрамындағы органикалық заттар мөлшеріне байланысты тұқымының далалық өнгіштігіне, өнгіштік энергиясына тікелей әсер етегіндігі дәлелденген (Отаров 2006 в: 95, Мұқанова 2008 б: 83). Негұрлым органикалық зат көп болған сайын көмірсүтек мөлшері де көбейе бастайды.

Күріш атызына су жіберілген күннен бастап топырақта күкіртсүтек түзіледі, әсіреле күріш вегетациясында екінші жартысында өсімдіктің масактану фазасында оның мөлшері көбейе туреді.

Тәжірибеде күкірттің сутегінің топырақ құрамындағы құбылымы бойынша жоғарыдағы айтылған заңдылықтар байкалады. Күкірттің сутегінің маусымдық құбылымын зерттеу нәтижесі оның топырак суға бастырылысымен – ак пайда бола бастайтындығын көрсетеді (2-сурет). Суға бастырап алдындағы топырақта оның мөлшері 64 мг/кг болса он күннің ішінде оның мөлшері айтарлықтай жоғарыладап 85,2 мг/кг дейін көтеріледі. Ал кешетті атызға отырғызу кезеңінде оның мөлшері аздалап та болса 79,5 мг/кг дейін төмендеп көшеттің жақсы тамырлануына жағдай туады. Осы жерде айта кететін жағдай күріш көшеттік технология бойынша егілген жағдайда оның жапырақтарының су бетінде тұрып өсімдіктің ауамен қамтамасыздығын жақсарту арқылы дәстүрлік технологияда орын алған күкірттің сутегінің тұқым өнүіне кері әсер ететін жағдайды әлдеқайда бәсепсітуі.

Ал күкірттің сутегінің вегетация кезеңінің келесі мезгілдеріне келетін болсак шілде айының басынан бастап оның мөлшері өзінін шарықтау шегіне 114,03 – 113,7 мг/кг жетіп, күзге дейін біртіндеп төмендейді. Атыздардың беті судан арылып топырак құрамына аяу кіре бастаған кезден бастап біртіндеп төмендеп алғашқы суға бастырылмай тұрган кездегі мөлшеріне дейін жетті.

Ал күріш көшеттік технология бойынша егілген жағдайда күкірттің сутегінің мөлшерінің аздалап та болса төмендеде және күріш көшеттерінің жапырақтарының су бетінде тұрып өсімдіктің ауамен қамтамасыздығын жақсарту арқылы дәстүрлік технологияда орын алған күкірттің сутегінің тұқым өнүіне кері әсерін әлдеқайда бәсепсітүге болады екен.



2-сурет – Күкіртті сутегінің маусымдық құбылымы

Сондай-ак қазір шағын шаруа қожалықтарында интенсивті дақыл өсірулеріне байланысты, минералды тыңайтқыштардың, пестицидтердің, гербицидтердің, жоғары дозасын колдануға мәжбүр, ал бұл элементтер агроландшафттардың концентрациясына сәйкес келмейді. Осы айтылған көрсеткіштерде қазіргі таңда топырақ құнарлылығының жағдайын томендетіп, ауылшаруашылығы өнімінің сапасын нашарлатып отыр (Мұқанова 2007 в: 50, Мұқанова 2006 г: 25).

Көптеген зерттеулерге назар аударсақ Ақдала алқабы бойынша Елімізде топырақ ресурстарының негізгі коректік элементтермен қамтамасыз етілу мәселесі мәз емес (Montanarella L., 2004: 25). Қазіргі уақытта күріш танаптарының топырактарының құнарлылығын арттырып, оның экологиялық жағдайын жақсартудың бір жолы органикалық тыңайтқыштарды көрсетілген нормаға сәйкес енгізу (Montanarella L., 1998: 260). Бұл көрсеткіш күріш танаптарының физикалық және физика-химиялық жағдайларын жақсартып күріштен сапалы өнім алуға себебін тигізеді.

Ерекше айтып өтетін жағдай күріш өсімдігіне және топыракқа минералды тыңайтқыштардың сол жердің картограммасына сәйкес берілген жағдайда ғана онтайлы әсер алуға болады (Montanarella L., 2001: 19).

Соңғы он жылдықтағы экономиканың ауыспалы кезеңінде суармалы алқаптардағы топырақ құнарлылығының қайта қалпына келтірүе инвестицияның бөлінбеуінен жерге реконструкция жасау және мелиоративті іс шаралар деңгейі мүлдем тоқтап қалды. Осы себептен егер шаруашылығындағы мелиоративті жүйелерде инженерлі техникалық жағдайы төмендей, итеп шықкан. Қазіргі уақытта жер асты сұнындаң деңгейі кетерілу себебінен Республикасының суармалы алқаптарының тұздану процесі басым болып отыр. Сонымен қатар жоғарыдағы факторлардың нәтижесінен, гумустың төмөндеуі, коректік элементтер мөлшерінің азайуы, топырактың физикалық, химиялық, биологиялық қасиеттерінің нашарлауынан күріш өнімін төмен беретін, сапасы төмен өнім алатын атызын пайда болған.

Жоғарыда айтылған факторлардың барлығы, топырактың құнарлылығына, оның экологиялық мелиоративті жағдайына және сол жерде өсетін дақылдың биологиялық өнімділігіне әсер етеді, сондай ақ ауылшаруашылық өнімдердің сапасының төмендеуіне душар етеді. Егершілік жүйесіндегі жетекші дақылдардың минералдық заттармен коректенуінің нашарлауы оның өнімділігін төмендетумен қатар еліміздегі ауылшаруашылығының экономикалық жағдайына да өз әсерін тигізеді.

Әдебиеттер

- 1 Аханов Ж.У., Отаров А., Ибраева М.А. Актуальные проблемы рисоводства в Казахстане. // Сборник «Состояние и рациональное использование почв Республики Казахстан». – Алматы. Тетис. 1998. – С. 139-141.
- 2 Ибраева М.А., Отаров А., Экологомелиоративные проблемы рисовых массивов Казахстана // Проблемы генезиса, плодородия, мелиорации экологии почв, оценка земельных ресурсов. Алматы. Тетис. – 2002. – С. 176-182.
- 3 Мамонов Л.К., Таранов О.Н. Проблемы и перспективы рисосеяния в Казахстане // Растениеводство. Том 1. Материалы международной конференции. – Астана. 2004. Бастау. – С. 169-175.
- 4 Мамутов Ж.У., Мошкович Л.В., Чулаков Ш.А. Динамика трансформации соединений железа в рисовниках Ақдалинского массива орошения // Известия Академии Наук Каз. ССР. Алма – Ата: Наука. 1977. №4. – С. 54-57
- 5 Мұқанова Г.А. Топыракты алдын ала суға бастыру технологиясы арқылы күрішті майсалық әдіспен өсірген кездегі тотықсызданған элементтер жиынтығының динамикасы // Жаршы. №6, – Алматы, 2008. – 15-17 б.2.
- 6 Мұқанова Г.А., Отаров А. Егістікті алдын ала суға бастырган кездегі күріш топырағындағы құқыртсұтектің маусымдық динамикасы // Вестник Науки Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина. №3 (46). – Астана 2007. – 31-35 бет. 3.
- 7 Мұқанова Г.А., Отаров А. Топыракты алдын ала суға бастыру технологиясы кезіндегі күріш алқабындағы темір қосылыстарының динамикасы // – Вестник КазНУ, серия экологическая. №2 (19). 2006г. – С. 94-97.
- 8 Мұқанова Г.А. Ақдала күріш егістігіндегі микроорганизмдердің маусымдық динамикасы // Ізденистер, Нәтижелер. ғылыми журнал. №1. Алматы. – АгроДиоВест 2008. – 80-84 б.
- 9 Мұқанова Г.А., Отаров А. Топыракты алдын ала суға бастырып күрішті майсалық әдіспен өсірген кездегі микроорганизмдердің маусымдық динамикасы // Тезисы 1-го Международного конгресса студентов и молодых ученых Мир Науки. – Алматы: Казахский Национальный университет им. Аль-Фараби, 2007.– С. 49-50.
- 10 Мұқанова Г.А. Күріш өсірудің майсалық технологиясының оның өніміне әсері Ақдала алқабы жағдайында) // «Актуальные вопросы современной биологии». Тезисы 4-ой международной конференции молодых ученых и студентов.– Алматы: Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, 2006. – С. 24-25.
- 11 Отаров А., Ибраева М.А., Сапаров А.С. Деградационные процессы и современное почвенно-экологическое состояние рисовых массивов Республики. //Экологические основы формирования почвенного покрова казахстана в условиях антропогенеза и разработка теоретических основ воспроизведения плодородия. – Алматы, Нур-Принт.– 2007– С. 73-105.
- 12 Отаров А., Мұқанова Г.А. Күріш топырағындағы тотықсызданған элементтер жиынтығының маусымдық динамикасы. Тезис // Вклад У.У. Успанова в развитие почвоведения Казахстана. – Алматы, Тетис 2006. – С. 168-169.
- 13 Montanarella L., Jones R. Latest developments of the European Soil InformationSystem. EUROSOL 2004, Symposium 15: "Soil Information Systems", 2004. – 1P-24-25
- 14 Montanarella L., Kaser F., Hansen B. European soil database as a tool for EURisk assessment and decision making // Trends in analytical chemistry, 1998. V. 17 №5.-Pp. 257-263.
- 15 Montanarella L., Negrel T. The development of the Alpine Soil InformationSystem // JAG, 2001. V. 3. Iss. 1. – Pp. 18-24.

References

- 1 AkhanovZh.U., Otarov A., Ibrayeva M.A. (1998) Current problems of rice growing in Kazakhstan [Actual problems of rice growing in Kazakhstan]. Collection «State and Rational Use of Soils of the Republic of Kazakhstan». Almaty. Tetis, pp. 139-141.
- 2 Ibrayeva M.A.,Otarov A.(2002) Ekologomeliorativnye of a problem of rice massifs of Kazakhstan[Ecological and meliorative problems of rice massifs in Kazakhstan].Problems of genesis, fertility, melioration of ecology of soils, assessment of land resources. Almaty. Tetis. pp. 176-182.
- 3 Mamonov L.K., Taranov O.N. (2004) Problems and prospects of a risoseyaniye in Kazakhstan [Problems and prospects of rice growing in Kazakhstan]. Crop production. vol. 1. Materials of the international conference, Astana. Bastau.,pp. 169-175.
- 4 MamutovZh.U., Moshkovich L.V., ChulakovSh.A. (1977) Dynamics of transformation of compounds of iron in the risovnikiakh of the Aksdalinsky massif of irrigation [Dynamics of the transformation of iron compounds in the Aksdalinsky irrigation array]. News of Academy of Sciences Kaz. SSR. Alma – Ata: Science.. no. 4.,pp. 54-57
- 5 Mukanova G.A. (2008) Dynamics of the restored products at cultivation of rice rassadny technologies and preseeding flooding [Dynamics of restoration of nonoxidant elements at the time of application of the pretreatment polyurethane technology]. Messenger,no. 6, Almaty, pp. 15-17.
- 6 Mukanova G.A., Otarova. (2007) egustuktisugabasturgankezdegiKurichtopuragyndagyukuryttsyektumaysymdykdinamikasy [Seasonal dynamics of bundle of contents in the rails of the areas in the floodplain]. the Messenger Nauki of the Kazakh agrotechnical university of S. Seyfullin is scarlet A.Eg. st. kt, no. 3 (46),pp. 31-35.
- 7 Mukanova G.A., Otarov of A. (2006)Dynamics of iron connections at preseeding flooding of soilsDynamics of conjugate thread in procession process in preproduction polyvalue] the Messenger TREASURY, a series ecological. no. 2 (19),pp. 94-97.
- 8 Mukanova G.A.(2008) Dynamics of microorganisms Akdalinsky rice massif [Seasonal dynamics of microorganisms in Akdala rice] Poysk, Results. scientific magazine, no. 1. Almaty, Agrouniversity, pp. 80-84.
- 9 Mukanova G.A., Otarova. (2007) Dynamics of microorganisms at preseeding flooding of soils and cultivation of rice rassadny technologies [Seasonal dynamics of microorganisms at the time of the shoots in the vase]Theses of the 1st International congress of students and young scientists the World of Science. Almaty: Al-Farabi Kazakh National University, pp. 49-50.

- 10 Mukanova G.A. (2006) Influence on efficiency at cultivation of rice of rassadny technology (on an example the Akdalinsky massif) [The Mayan technology of pinching the rice into her product (in the AkdalAkine)] Topical issues of modern biology, Theses of the 4th international conference of young scientists and students, Almaty: Al-Farabi Kazakh National University,pp. 24-25.
- 11 Otarov A., Ibrayeva M.A., Saparov of A.S. (2007) Degradatsionnye processes and current soil and ecological state of rice massifs of the Republic [Degradation processes and the modern soil-ecological status of rice massifs in the Republic]. Ecological bases of formation of a soil cover of Kazakhstan in the conditions of anthropogenesis and development of theoretical bases of reproduction of fertility. Almaty, Nur Print, pp. 73-105.
- 12 Otarov A., Mukanova G.A. (2006) Kurichtopuragyndagytotukcyzdanganelementterzhiyntgynanmausymdakdinamikasa [Seasonal dynamics of the set of recovery elements in the form of grunge]. Thesis. U.U. Usmanov's Contribution to development of soil science of Kazakhstan. – Almaty, Tetis, pp. 168-169.
- 13 Montanarella L., Jones R. (2004) Latest developments of the European Soil Information System. EUROSOL 2004, Symposium 15: "Soil Information Systems", pp. 56-57.
- 14 Montanarella L., Kaser F., Hansen B. (1998) European soil database as a tool for EUrisk assessment and decision making. Trends in analytical chemistry, vol. 17,no. 5, pp. 257-263.
- 15 Montanarella L., Negrel T. (2001) The development of the Alpine Soil Information System. JAG,, vol. 3.,no. 1, pp. 18-24.

## CONTENTS

### Section 1

#### Physical, economic and social geography

- Tokbergenov A., Kairova Sh., Kiyassova L.*  
Geographical aspects of economic assessment of agricultural lands of Almaty agglomeration ..... 4

- Bekturgenova A., Zhuparkhan B., Dzhumabekova I., Esimova K.*  
Analysis and assessment of landscape conditions on the territory of the Akmola region ..... 13

### Section 2

#### Meteorology and hydrology

- Chigrinets A.G., Chigrinets L.Y., Mazur L.P.*  
Peculiarities of formation and calculation of maximum runoff for Terisbutak river ..... 25

- Ramazanova N., Binazarova A., Toksanbaeva S., Shaimerden A.*  
Quality of surface water in the steppe zone of the river basin Zhayik ..... 39

- Samarkhanov K., Issanova G.*  
Review on Geographical and Environmental studies about Syrdarya River Basin and Aral Sea ..... 49

- Issanova G., Kaldybayev A., Temirbayeva K.*  
Water availability in Water-economic basins in Kazakhstan and their anthropogenic transformation ..... 58

### Section 3

#### Cartography and geoinformatics

- Koshim A.G., Ahmedenov K.M., Abilgazieva M.*  
Main approaches and methods of geoecological mapping the territory of Western Kazakhstan ..... 66

- Bexeitova R.T., Koshim A.G.*  
Anthropogenic factors of the morphogenesis of the arid zone of Kazakhstan (Central Kazakhstan) ..... 77

- Mukanova G.A., Umbetzhanova N.T., Voronova N.V., Zubova O.A., Orazbayev A.E.*  
Modern information methods of study of soils ..... 83

### Section 4

#### Geoecology

- Alybayeva R.A., Atabayeva S.D., Asrandina S.S., Kruzhaeva V.I.*  
Tolerant to heavy metals plants as a component of environmentally friendly technologies ..... 91

- Mukanova G.A., Maylykhanova B.A., Voronova N.V., Tanybaeva A.K., Umbetbekov A.T.*  
Modern environmental state of soils of akdala massive ..... 107

- Mambetullaeva S.M., Kurbaniyozov A.K., Kurbaniyozova S.A.*  
Ecological situation and state of health of population of southern aral sea Area ..... 115

### Section 5

#### Recreaction geography and tourism

- Akasheva A.S., Dzhumabekova I.D., Erboldyzy S.*  
Tourist and recreational cartography for tourism development of Talgar region of Almaty Oblast ..... 121

- Mazhenova Zh.*  
The issues of development of ecological tourism in South Kazakhstan region ..... 138